



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26 қазан 2021ж № 458

Арқалық қаласы

город Арқалык

**Ведомствоаралық сараптамалық
топ құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 235 бұйрығының 2-тарауы, 3-параграфының, 110-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізу және оқушылардың тамақтануының тиімді ұйымдастырылуын зерделеу үшін келесі құрамда ведомствоаралық сараптамалық топ құрылсын:

Қожақова Жанат Хасенқызы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, топ жетекшісі;

Рахметов Жандос Ерғазыұлы, «Nur Otan» партиясы Арқалық қалалық филиалы кеңесшісі, топ мүшесі (келісім бойынша);

Кудабаева Гульжаухар Курманғазиевна, «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету секторының меңгерушісі, топ мүшесі (келісім бойынша);

Кабильдина Кенжегуль Жанбыршыновна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ әлеуметтік педагогы, топ мүшесі (келісім бойынша);

Оспанғали Әсел Қанатқызы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің кеңесші-заңгері, топ мүшесі;

Тажигулов Бауыржан Умерханович, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есепшісі, топ мүшесі;

Нұғыманов Нұрлан Мұхатайұлы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері, топ мүшесі;

2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметін жүйелі зерделеу үшін жұмыс тобының кестесі жасалсын.

3. 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 15 бұйрықтың күші жойылсын.

Басшы



Е. Мәметеков